ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 09 маусым №7119-25-00-2/5164 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «E.A.I Solutions» атынан - Метаев Темирлан Жанбырбаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Іс материалдарына қарағанда, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «E.A.I Solutions» атынан - Метаев Темирлан Жанбырбаевич арасында түзілген 02.04.2025 жылғы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №5 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 850 000 теңгеге «Объектіде/аймақта бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету бойынша, Кіруді бақылау және басқару жүйесіне (КББҚ) техникалық қызмет» көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызметтерді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 6.1. тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес орындау мерзімі Шарт Қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап, ай сайын және 2025 жылдың 25 қыркүйегіне дейн.

Шарт қазынашылық органда 02.04.2025 жылы тіркелген.

Шарттың Техникалық ерекшеліктеріне сәйкес қызметтерді көрсету мерзімі: 2025 ж. қаңтар - қыркүйек.

Қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес қызметтер ай сайын, бірінші айдың жеткізілімі 02.05.2025 жылға дейін жеткізілуі тиіс. 28.04.2025 жылы жауапкер шартты орындау мүмкін еместігі туралы хабарлады.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 28.04.2025 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, шарт 29.04.2025 жылы бұзылған.

АПК-нің 267-3-бабында көзделген процессуалдық әрекеттерді орындау шеңберінде жауапкердің өкілі Т.Ж.Метаев талап қоюмен келіспегенін көрсетіп, жазбаша қарсы пікір ұсынды. Сондай-ақ жауапкердің келісім бойынша өз міндеттерін орындауға кіріскені көрсетілген. Алайда, 07.04.2025 жылы Тапсырыс берушіге және 03.04.2025 жылы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК берілген ресми сұрауларына қарамастан, КББҚ қол жеткізу қамтамасыз етілмегенін. Тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен бұзып, 42 500 теңге шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын заңсыз ұстағанын. Талап қоюшы шарттың 3.3.1-тармағына сәйкес, жеткізушінің мамандарына қызмет көрсетуге рұқсат бермегенін. Шарттың 10.1-10.4-тармақтарына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК әрекеттері жауапкершіліктен босатылатын форс-мажорлық жағдайлар болып табылатынын. Жұмысты орындау мүмкін еместігі техникалық спецификациямен расталатынын. КББҚ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК зияткерлік меншік объектісі болып табылатынын және тек осы ұйым жүйені басқаруға және қолдауға құқылы, бұл сатып алуды орындауға мүмкін емес ететінін. Тапсырыс беруші қате техникалық сипаттамамен сатып алуды ұйымдастырғанын. Жауапкер адал әрекет етіп, шартты

орындауға шара қолданғанын көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды.

Ұсынылған материалдардан жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны және шарт талаптарына және оған техникалық шарттарға сәйкес қызмет көрсетпегені анықталды.

Жауапкер тапсырыс берушінің қызметкерлері туралы деректер ғимараттағы бар жүйеге біріктіріліп, кіруді тапсырыс беруші қамтамасыз ету керектігін түсіндірді.

Сот баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші өтінім бергенге дейін сатып алуға қоса берілген техникалық ерекшеліктермен танысуға міндетті екендігіне назар аударады.

Қоса беріліп отырған техникалық ерекшелікте көрсетілген 18.03.2025 жылғы № 14308037-1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізуге қатысу шарттарының бірі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел, 8, корпус 4 (подъезды 13,14,15) "Министрліктер үйі" (баланс ұстаушы) ғимаратында орналасқан қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесіне (бұдан әрі - КББҚ) қолжетімді әлеуетті өнім беруші болды.

Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын «Электрондық рұқсаттамаға техникалық қызмет көрсету қызметтері» техникалық ерекшелігінің 8.1-8.3 тармақтарына, «Еңбек тәртібінің модулі» техникалық ерекшелігінің 3.2-тармағына сәйкес өнім беруші келесі талаптарды сақтауға міндетті:

- Жеткізушінің қызметкерлері «Министрліктер үйі» ғимаратында ішкі және өткізуді қамтамасыз ету режимі бойынша ережелерге» сәйкес «Министрліктер үйі» ғимаратына тұрақты қолжетімділікке ие болу керек; (8.1 тармағы);
- Жеткізушінің қызметкерлерінде келісім-шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті жабдықтары мен материалдары болуы қажет; (8.2 тармағы);
- Жеткізуші «Министрліктер үйі» ғимаратының қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесіне шектеусіз тұрақты қолжетімділікке ие болуы тиіс. (8.3 тармағы);
- Жеткізуші деректермен ақпарат алмасуды, сондай-ақ Модульдің басқа ақпараттық жүйелермен интеграциялық өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге міндетті, оның ішінде: Модульді КББҚ-мен интеграциялауды қолдау. (3.2-3 тармағы).

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 15-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды

беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге) келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және Заңның 7-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтерді алуға келісімі болып табылады.

Өтінім беру жауапкердің осы талаптарға сай екендігін және сапалы және уақтылы қызмет көрсету үшін қажетті барлық ресурстарға ие екендігін растайды. Қол жеткізуді басқару жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуіне немесе КББҚ қол жеткізудің нақты болмауы жауапкер қабылдаған міндеттемелердің бұзылуын көрсетеді; тиісті техникалық шешімдерді алу және интеграциялау үшін жауапкершілік жеткізушіге жүктеледі.

Шарттың талаптарын түсіндіруден АК-ның 392-бабына сәйкес өнім берушінің ғимаратқа кіру мүмкіндігі болуы керек, қажетті жабдық болуы қажет, Министрліктер үйінің ғимаратында КББҚ -ға тұрақты кіру мүмкіндігі болуы керек. Бұл ретте тиісті қол жеткізуді тапсырыс беруші қамтамасыз етуі керек деген нұсқау жоқ. Шарттың 3.3.1 тармағына сәйкес тапсырыс беруші қызметтерді көрсетуге қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс (ақпаратқа және оның қызметкерлеріне объектіге қол жеткізуді қамтамасыз ету деп түсініледі). Министрліктер үйінің ғимаратында бірнеше нысандар болғандықтан, тапсырыс беруші осы ғимаратта орналасқан барлық нысандарға қол жеткізуді қамтамасыз ете алмайды.

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК хатына сәйкес, бұл нысанның теңгерім ұстаушысы Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының болып табылады, осы объектідегі КББҚ «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК теңгерімінде болып табылатынын, ағымдағы жабдығы мен бағдарламалық қамтамасыз ету теңгерімінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде, үзіліссіз жұмыс істеу және мәліметтер базасын толтыру басқа мемлекеттік органдармен, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасымен жасалған шарттар шеңберінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК үшінші тұлғаларға КББҚ деректер базасына қолжетімділікті қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие емес, өйткені ол жоғарыда аталған нысанда орналасқан басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлері туралы ақпаратты да сақтайды. Ұсынылады: көрсетілген объектінің қолданыстағы КББҚ деректер базасына тапсырыс беруші қызметкерлерінің қол жеткізуіне рұқсат алу және «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК морталық аппаратының уәкілетті құрылымдық бөлімшесімен (ғимараттың теңгерім ұстаушысы) келісу; шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін «Қазақстан

Республикасы Президенті Іс Басқармасының инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМК шарт бойынша көрсетілген объектіде меншікті жабдықты және КББҚ бағдарламалық құралдарын орнатуға.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1966 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «E.A.I Solutions» атынан - Метаев Темирлан Жанбырбаевичке қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «E.A.I Solutions» атынан - Метаев Темирлан Жанбырбаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «E.A.I Solutions» атынан - Метаев Темирлан Жанбырбаевичтен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып,

шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

19-25-3-1/4889